

**ЭРУДИТ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІМ САЙТЫ**

**«МӘРТЕБЕЛІ МАМАН-2019»  
атты республикалық байқауы**

**«Үздік өзін-өзі пәні мұғалімі»**

**Сабақтың тақырыбы:  
«Отан және Адам!»**

**Омарова Сагдат Бакеновна  
Ақмола облысы,  
Степногорск қаласы,  
Ақсу кенті,  
«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» КММ  
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі**

# «Өзін-өзі тану» пәнінің сабақ жоспары

**Тақырып:** «Адам және Отан!»

**Құндылық:** дұрыс әрекет

**Қасиеттер:**  
жанашырлық,  
жауапкершілік,  
қамқорлық

**Сабақ мақсаты:**  
адамның Отан алдындағы риясыз қызметінің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, Дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу;

**Міндеттері:**

– оқушыларға «Отан», «риясыз қызмет», «парыз» ұғымдары туралы түсінік беру;

– Отан алдындағы парызын адал атқаруға баулу;

- Жанашырлық, жауапкершілік, қамқорлық қасиеттеріне тәрбиелеу;

**1. Ұйымдастыру кезеңі. Жағымды көңіл-күйге келу.** «Нұрға бөлену».

**2. Үй тапсырмасын тексеру.**

1. Қоғамға шынайы қызмет еткен бір кейіпкер туралы ой толғау.
2. Оқулықта 138 беттегі *Б.Тәжібаевтың* «Туған елім» өлеңін мәнерлеп оқып келу.

**3. Дәйексөз.**

*Қасым Аманжолов*

Бұл даланы анам жаспен суарған,  
Бұл далада атам қолға ту алған,  
Бұл далаға жылап келіп уанғам,  
Бұл далааны көріп алғаш қуанғам,  
Бұл далада өскен жанда жоқ арман.

**4. Әңгімелеу. Бейне көрсетілім.**  
«Қартқожа»

**5. Шығармашылық іс-әрекет, топпен жұмыс.**

- 1- топ. «Мейірімділік», Отанының патриот жастары қандай?
- 2- топ. «Қайырымдылық», Отан туралы мақал-мәтелдер жазу, мағынасын түсіндіру. Отан туралы өлең шығару.
- 3- топ: «Қамқорлық», Сүйішпеншілікке толы Қазақстан!

**6. Топпен ән айту. «Көк тудың желбірегені»**

*Әні: Ермұрат Зейіпхан, Сөзі: Алмас Ахметбекұлы*

**7. Үй тапсырмасы.**

2. Оқулықтың 141-бетіндегі Ш.Мұқашева, Г.Нүсіпбекова жазған Отан туралы мәтінді оқып келу.

**8. Сабақтың қорытынды сәті.**

**Оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарастағы өте маңызды жауаптары: Оқушылар сабақта берілген ақпараттарды өте жақсы қабылдады және тақырыптың өте қызықты екенін өз бойларына бірнеше жақсы қасиеттерді алғанымен бөлісті.**

Үйге берген *тапсырма бойынша* **Шохрухтың** Геннадий Головкинді санауы;

**Назгүлдің** Ұлы Абай атамыз халыққа аянбай қызмет еткен дегені;

**Медеттің** Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты қоғамға шынайы қызмет етті, деген жауабы;

**Гүлназдың** Бауыржан Момұшұлы туралы толық жазып келген жауабы керемет болды.

**Аружанның** адамдардың қоғам үшін риясыз қызмет етуге дайын, Айдананың халыққа риясыз қызмет етмін деген жауаптары керемет болды.

*2-ші сұраққа* **Айдананың** өйткені туған жерінде балалық шағың өтті;

**Назгүлдің**, ол жер – кіндік қаның тамған жер, балалық шағың өткен жер сол үшін ерекше деген жауаптары өте орынды болды.

*3-ші сұраққа* **Шохрухтың** Өзбекстан Республикасынан келгенін, алыстағы ата, әжесіне, достарына естелік, сыйлық апарамын деген жауабы орынды болды.

**Айдана** өз туған жеріме барып көршілерімді, достарымды құшақтап сағынышымды басар едім дегені әсерлі болды.

*4-ші сұрақ бойынша* **Медеттің:** Өз Отанымызға риясыз сүйіспеншілікпен қызмет етуіміз: ол өткен аптада әлеуметтік мұқтаж адамдардың отбасына барып көмек көрсеткеніміз, ол да өз үлесіміз, - деген жауабы болды.

**Аружан:** «Елін, Отанын сүйетін әр азамат өз үлесін қосуға тиісті», - дейді.

**Тамерлан:** «Ер азаматтар үшін әскери борышын атқару да өз үлесін қосу»-дегені

## Өзін-өзі тану сабағынан көрініс

